



# Ақмешіт

7 қараша  
сейсенбі  
№88 (1995)  
2023 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

Биыл шілде айында  
Сеул ұлттық ғылым және  
технологиялар университеті  
информатика және инжиниринг кафедрасының  
профессоры, SeoulTech жаһандық кванттық  
жасанды интеллект қауіпсіздік орталығының  
директоры Джесу Ким және жобалық орталық  
директорының орынбасары Сонгон Ким аймаққа  
арнайы іс-сапармен келген. Ондағы мақсат –  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінен  
жасанды интеллект мектебін ашу.



Жасанды интеллект – заман талабы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдауында жасанды интеллектті дамыту ісіне баса назар аудару керектігін айтқан еді. Соған сәйкес елімізде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашуды тапсырған. Осы орайда аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Кореяға барған сапарында Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінің президенті Ли Донг Хун мырзамен кездесіп, оқу орнының филиалын ашу туралы ұсынысын жеткізген. Нәтижесінде Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университеті мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті арасындағы ынтымақтастық аясында «Халықаралық ынтымақтастық бойынша жетекші университеттік жобасын» жүзеге асыру қолға алынды. Жоба бойынша университет жанынан жасанды интеллект мектебі құрылып, жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және информатика мамандары даярланады.

2 БЕТТЕ

# ҚАРЫЗ ҚАЛАЙ ӨТЕЛМЕК?

Қазақстан халқының  
банктер алдындағы  
берешегінен бөлек,  
мемлекеттің де сыртқа  
қарызы аз емес. Үкімет  
оны қайтару үшін не  
істеп жатыр? Тым  
болмаса мемлекеттік  
қарызды азайтуға  
ұмтылды ма?

Мәжілістің жалпы отырысына қатысқан Үкімет басшысы Әліхан Смайылов Қазақстанның мемлекеттік қарызын азайту үшін қандай шаралар қабылдап жатқанын баян еткен. Премьер-министрдің баспасөз қызметі таратқан ақпаратқа сүйенсек, Әліхан Смайылов Президенттің Жарлығымен мемлекеттік қаржыны басқарудың 2030 жылға дейінгі арнайы тұжырымдамасы бекітілгенін атап өткен.

– Мұндай кешенді құжат алғаш рет қабылданып отыр. Онда қаржыны басқару, оның ішінде мемлекеттік қарызды басқару бойынша қатаң міндеттемелер белгіленген. Үкімет оларды ұстанатын болады, – деді Премьер-министр.

Премьер-министрдің айтуынша, Үкімет Қазақстанның борыштық міндеттемелерін азайту бойынша бірқатар шара қабылдауда. Біріншіден, бюджет тапшылығын азайту көзделіп отыр.

– Соңғы уақытта бюджет тапшылығы ЖІӨ-ге шаққанда шамамен



Коллаж ашық деректерден алынды.

3% болды. Биыл тапшылық ЖІӨ-ге шаққанда 2,7%-ға дейін төмендеді, одан әрі 2026 жылға қарай көрсеткіш 2,3%-ға дейін жеткізілмек. Бұл жаңадан қарыз алуды шектеуге және қарыздың осы қарқынын төмендетуге мүмкіндік береді, – деді Әліхан Смайылов.

Екіншіден, мемлекеттік бюджеттің кірістерін ұлғайту көзделіп отыр. Ол үшін салықтық және кедендік әкімшілендіруді цифрландыру жөніндегі жұмыс жалғаспақ. Үшіншіден, қаржы ми-

нистрлігінің бағалы қағаздарын халықаралық индекстерге қосу көзделген. Премьер-министрдің сөзінше, бұл қарыз алу құнын және сәйкесінше қарыз бойынша қызмет көрсету шығындарын азайту үшін қор нарығына халықаралық инвесторларды тартуға мүмкіндік береді.

Әліхан Смайылов Үкімет артық валюталық тәуекелдерді жою және қарыз бойынша қызмет көрсету шығындарын одан әрі азайту үшін көбіне ішкі нарықта

қарыз алу саясатын қабылдағанын айтты.

– Осы шаралардың барлығын біз Үкіметте тұрақты түрде талқылап келеміз. Барлық міндеттеменің сақталуын қадағалап отырымыз. Жаңа Бюджет кодексі аясында Парламентке қарызды басқару бойынша талдамалық ақпарат ұсынуды жоспарлап отырымыз, – деді Үкімет басшысы.

А.АҚЫЛБЕК

Әлем назары Израиль мен Палестина арасындағы соғысқа ауған шақта орыстар тағы бір «жіптің» ұшын шығарды. Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстың қалай аяқталатыны белгісіз. Егер Ресейдің жеңілетіні анық болса, олар атам бомбасын жара ма?

## РЕСЕЙ АТОМ БОМБАСЫН ЖАРА МА?



Коллаж «Abaik.kz»-мен алынды.

Біз бұл мәселені неге көтердік? Өйткені қазанның басында Ресей президенті Владимир Путин «Валдай» форумында «ядролық қаруды сынамау туралы құжаттың ратификациясын неге кері қайтармасқа?» деп пікір білдірген. Ресей басшысының бұл сөзі көп ұзамай шындыққа айналды. 17 қазанда Ресейдің Мемлекеттік Думасы ядролық қаруды сынамау туралы құжаттың

ратификациясын кері қайтарды. Демек солтүстіктегі көршіміз ядролық қаруды сынауға да қарсы емес деген сөз. «Жас алаш» газетінің сайтына шыққан ақпаратта аталған құжатты талқылау іске асып, Ресей Мемлекеттік Думасы бір-ауыздан ядролық қаруды сынамау туралы құжат ратификациясын кері қайтаруға дауыс бергені жазылған.

4 БЕТТЕ

## Қала әкімі тұрғындарды тыңдады

Қала әкімі Асылбек Шәменов тұрғындарды қабылдады. Шаһар басшысы жеке қабылдауға жазылған әр тұрғынның мәселесін мұқият тыңдап, тиісті басшыларға нақты тапсырмалар берді.



Қабылдауда баспанамен қамту, қоғамдық көлік мәселесі, жер телімін бөлу және әлеуметтік мәселелер көтерілді.

Айта кетейік, қала әкімінің жеке қабылдауы айына 3 рет жүргізіледі. Қабылдауға алдын ала жазылуды Қызылорда қаласы әкімі аппаратының өтініштерді қарау және бақылау бөлімі жүргізеді және 27 00 81 байланыс телефоны арқылы қабылданады.

## ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРДЫ

Биыл өңірде ұзындығы 569 шақырымды құрайтын автомобиль жолдарын жөндеу жоспарланған. Жыл соңына дейін жергілікті автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық деңгейін 87,5 пайызға жеткізу жоспарлануда. Бұл жөнінде Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Жәнібек Сыздықов хабарлады.

– Жергілікті маңыздағы жолдардың ұзындығы – 3418,5 шақырым. Биыл автомобиль жолдарының жалпы көрсеткішін 87,5 пайызға жеткізуді жоспарлаудамыз, – деді басқарма басшысы.

Брифинг барысында «ҚазАвтоЖол» АҚ» ҰК Қызылорда облыстық филиалы директорының орынбасары Ерсайын Мұзафар республикалық маңыздағы жолдың құрылысына тоқталып өтті.

– Бүгінде «Қызылорда – Жезқазған» автомобиль жолын реконструкциялау жұмыстары қарқынды жүруде. Тас жолдың 216 шақырымы біздің облыстың аумағына тиесілі. Тиісінше, осы жолдың 104 шақырымы толық аяқталып қалды. Автомобиль жолы 6 лотқа бөлінген. Республикалық маңыздағы жол толығымен жарықтандырылады, 2 дана жол айрығы, жол өткелдері, 3 көпір, 2 дана көпфункционалды аралық бақылау аркалары, дәретханалар мен демалыс алаңдары қамтылады, – деді Ерсайын Болатұлы.



## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР  
ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қалалық мәслихатта Қызылорда қалалық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиында ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Е.Мендалиев, ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының басшысы Н.Сүлейменов, қоғамдық кеңестің мүшелері, кент, ауылдық округ әкімдері, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты. Қоғамдық кеңес төрағасы Серік Дүйсенбаевтың төрағалығымен өткен жиының күн тәртібінде Тасбөгет кенті, Ақсуат ауылдық округінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша ІІІ тоқсанда атқарылған жұмыстар, қала көшелеріндегі жол жөндеу жұмыстарының барысы мен сапасы, тұрғын үймен қамту мәселесі және оның орындалу барысы, қалалық мәслихаттың 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №198-28/2 «2023-2025 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» мәселе қаралып, оның шешілу жолдары талқыланды.

Алдымен сөз алған Тасбөгет кенті әкімінің міндетін атқарушы Жаппасбай Байқадамов кенттегі жергілікті тұрғындарға көрсетіліп жатқан мемлекеттік қызметтерге тоқталды.

«Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жыл басынан бері қызметтің 79 түрі көрсетілді. Атап айтқанда, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру, сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу, жер учаскесін алу үшін кезекке қою, елді мекендер шегінде объекті салу үшін жер учаскелерін беру, жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату, – деді ол.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша баяндама жасаған Ақсуат ауылдық округі әкімі Нұрболат Бақытұлының айтуынша, биылғы 9 айда «электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы 175 жеке және заңды тұлғаға мемлекеттік қызметтер көрсетілген. Атап айтқанда, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту қызметі бойынша 80 тұрғынға, сауда-саттықты өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу қызметі бойынша 95 тұрғынға мемлекеттік көмек көрсетілген. Тұрғындарға электронды мемлекеттік қызмет көрсету үшін «өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышымен қамтылғаны айтылды.

Қоғамдық кеңес назарына ұсынылған жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында жүзеге асқан жұмыс туралы қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жеңісбек Файзуллаев баян етті.

Қаламыздағы басты көшесі бірі Бейбарыс сұлтан көшесін Н.Назарбаев даңғылынан «Қызылорда-Күмкөл» трассасына дейін қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуге республикалық және облыстық бюджеттен 2349 млн теңге бөлініп, «УАД» ЖШС-мен келісім шарт жасалып, құрылыс-монтаж жұмысы жүргізіліп, пайдалануға берілді. Нәтижесінде жол екі жолақтан төрт жолаққа дейін кеңейтілді.

Мұнан бөлек, Астана даңғылын Н. Назарбаев даңғылынан темір жолға дейін қайта жаңғырту жұмысы жүргізілуде. Сонымен қатар қаладағы 49 көшеге асфальт, 39 көшеге тас жол төсеуге облыстық және қалалық бюджеттен қомақты қаржы бөлініп, қазіргі уақытта бітпеген 2 көшеге құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде, – деді бөлім басшысы.



Күн тәртібінде қаралған тұрғын үймен қамту мәселесі және оның орындалу барысы туралы тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы А.Рысбектің мәлімдемесі тыңдалды.

Бөлім басшысының айтуынша, тұрғын үймен қамтуға 9 айға 33 млн 911 мың теңге бөкітіліп, 33 млн 893 мың теңгесі итерілген. Үнемделген қаржы – 17,6 млн теңге.

Биылғы жылдың 9 айында 4054 азамат мемлекеттік қызмет көрсетілсе, 2752 азамат тұрғын үй кезегіне тіркелген.

«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жаладан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарын есепке қою» қағидаларына сәйкес, тұрғын үйге кезекте тұрғандарды есепке алудың бірінші ұлттық жүйесі арқылы автоматтандырылған режимде коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж адамдардың есебінде тұрғын

азаматтардың кезектілік тізіміне түгендеу жұмысы жүргізілді.

Нәтижесінде 10773 азаматтың құжаты тексеріліп, 1162 азамат кезектен шығарылды. Оның 357-сі басқа қалаға қоныс аударған болса, 671-інің меншігінде тұрғын жай бар болып шықты. Ал 134 тұрғынның жеңілдігі жойылуына байланысты кезектен шығарылды, – деді бөлім басшысы.

Мұнан соң қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Г.Баймаханова Қызылорда қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №198-28/2 «2023-2025 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы баяндады.

Жиын барысында баяндамашыларға күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге байланысты сауалдар қойылды. Қоғамдық кеңес төрағасы Серік Дүйсенбаев жолаушылар көлігінде жүру үшін ардагерлерге жеңілдік беру мәселесін шешуді, Сәкен Алдашбаев қаладағы кәріз жүйелерінің қақпағы жабық болуын қалағалауды, Ғалымжан Камалов айналма



жолдың айналасы жылда жөнделетінін, жолдағы пайда болған шұңқырларды бітеу жұмысы жүргізілуді, Ақылтай Жаппасбаев Бокейхан көшесінде жолжик жоқтығын, кейбір көшеде жауын жауғанда су жиналып қалмау үшін арнайы кәріз салып, арыққа ағатындай етіп жоба жасауды, Асхат Шаукенбаев «Мерей» шағын ауданы мен «Бәйтерек» шағын ауданына жаяу жүргіншілер жолын салу мәселесін, Мейрамбек Есжанов «Ауыл аманаты» жобасының кентке бөлінген қаржысын, елді мекен электронды жүйенің игілігін көру жайын, Бауыржан Толтеген қалада көліктің көбеюі салдарынан жедел жәрдем көлігінің кентте тұрып қалатынын жеткізді. Қойылған сауалдар хаттамаға енгізіліп, жасалатын жұмыстар қоғамдық кеңес мүшелерінің жіті назарында болатыны ескертілді.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

## САЯСИ ҚАДАМ



## Ел сайлаған екі әкім кім?

Сырбайлықтар кешегі жексенбіде алғаш рет аудан әкімін сайлады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Атқарушы биліктің шешім қабылдау ісіне азаматтардың тікелей қатысу мүмкіндігін арттыру да маңызды. Ауыл, кент және ауылдық округ әкімдерін тұрғындар өздері сайлай бастағанына екі жылдан асты. Содан бері ауылдық деңгейдегі әкімдердің төрттен үшті сайланды. Енді аудан және облыстық деңгейдегі қала әкімдерін сайлап көреміз» деген еді.

Ел Президентінің бастамасымен биыл, 5 қараша күні елімізде алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін пилоттық режимде сайлау өткізу белгіленген еді. Пилоттық сайлау Сырдария және Шиелі аудандарында өтті. Облыстық сайлау комиссиясының ақпаратына сүйенсек, 2 ауданда 70 мыңнан аса сайлаушы дауыс беруге қатысады. Оның 22101-і Сырдария, 50402-сі Шиелі ауданында тіркелген.

Сайлау күні Сырдарияда – 18, Шиеліде – 40 учаске, барлығы 388 комиссия мүшесі қызмет атқарды. Барлық дауыс беру учаскелеріндегі кабиналар талапқа сай жабдықталған. Әкім сайлауына тұрғындар белсене қатысты. Жасы да, кәрісі де дауыс беруден қалыс қалмай, өз таңдауын жасалды.

Дүйсенбі күні сайлау қорытындысымен басым дауысқа ие болып, әкім болып сайланған есімдер белгілі болды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен отырысында жаңадан сайланған Сырдария ауданының әкімін таныстырды. Аймақ басшысы сайлауға белсенді қатысып, өз таңдауын жасаған тұрғындарға ризашылығын білдірді.

– Ел жаңғыруының бастамасы ретінде Ата заңымызға өзгерістер енгізу бойынша республикалық референдум, Қазақстан

Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы, ҚР Парламенті Сенатының, Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. Осы саяси науқандарды Сыр жұртшылығы ауыз-біршіліктің үлгісін көрсетіп, жоғары деңгейде өткізді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының саяси жүйені жаңғырту бойынша қабылдаған шешімінің жалғасы ретінде күні кеше елімізде алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері сайланды. Осы науқанда Сырдария ауданының тұрғындары белсенділік танытып, мызғымас бірлігін көрсетіп, ауданның жарқын болашағы



үшін өз таңдауларын жасады, – деді аймақ басшысы Н.Нәлібаев.

Облыстық сайлау комиссиясының хабарламасы бойынша, Сырдария ауданында сайлаушылардың 72,3 пайызы дауыс беруге келген. Олардың 84,3 пайызы Берік Сәрменбаевты қолдаған.

Шиелі ауданында өткен сайлау қорытындысы бойынша басым дауысқа ие болған (32637 дауыс) Нұржан Ахатов Шиелі ауданының әкімі болып сайланды.

Г. МАҒЛҰМҚЫЗЫ

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

Шілде айындағы іссапарда корейлік ғалымдар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде зертханаларды орналастырудың кеңестіктік аспектілерін және бизнес-инкубация орталығын (BIC) құруға қатысты мәселелерді зерттеп, зерделеген. Бұл жобаның жүзеге асуына аймақ басшысы жан-жақты қолдау білдіретінін айтты. Ал Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан білім гранттары бөлінетінін жеткізген.

Кеше Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде СеулТех Жасанды интеллект және информатика жоғары мектебінің ашылу рәсімі өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, СеулТех университетінің профессоры Джеесу Ким, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Қазыбай Құдайбергенұлы қатысты.

Жиында аймақ басшысы көпшілікті ғылым мен жоғары технология

Басы 1-бетте



саласында көшбасшы саналатын Оңтүстік Корея елі тәжірибесінің облыста енгізілуімен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін толыққанды пайдаланғанда ғана білім экономикасына қарай сапалы серпіліс жасай аламыз. Елімізде кем дегенде 3 жоғары оқу орны осы саламен айналысуы керек» деген тапсырмасы жоспарды жүзеге асы-

руға негіз болды. Мамыр айында Корея Республикасына жасаған іссапарымда Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетінің президентімен арнайы кездесіп, әріптестікке қатысты мәселелерді талқыладық. Сол жүргізілген келіссөздердің алғашқы нәтижесі – бүгінгі жоғары мектептің ашылуы.



Қорқыт ата университеті базасында жасанды интеллект мектебінің құрылуы – тек облыстың ғана емес, еліміздің білім кеңестігіндегі үлкен жетістік. Аймағымыз экономика, ауыл шаруашылығы саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп қана қоймай, білім, ғылым, IT-технологиялар, киберқауіпсіздік және

компьютерлік ғылымдар саласында да жұмысты күшейте бермек. Жасанды интеллект бағытында маман даярлау Сыр өңірінен бастау алғаны бізді ерекше қуантады, – деді облыс әкімі.

Сонымен бірге шарада ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университеті кванттық жасанды интеллект қауіпсіздігі әлемдік орталығының директоры, профессор Джеесу Ким Сыр өңірінің озық технологиялар мекені атануына тілектестігін білдірді.



Жасанды интеллект мектебінің ашылу салтанатында сондай-ақ еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына, халықтар

арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Қазыбай Құдайбергенұлы «Парасат» орденімен наградталды.

Енді СеулТех университетінің филиалы жасанды интеллект мектебінде білім алу үшін студенттерге жыл сайын арнайы грант бөлінеді. Оларға жаңа оқу ордасында IT-технология, киберқауіпсіздік және компьютерлік ғылымдар бағыты бойынша білім берілмек.

А.САЙДУЛЛА





Кешегі Отан соғысының алдында дүние есігін ашқан ұрпақтар тағдыры көбіне ұқсас, олар әке қамқорлығын жеткілікті көре алмады, бар байлығы аның аялы алақаны болды. Базарбай Асанбайұлы Атабаевтың басынан өткен балалық кезі тіпті көпке ұқсай бермеді. Бес жасында әкесі соғысқа кетіп, анаға қарап қалған өмірінің бар қиыншылығы ол елге оралған соң басталды. Немістің тұтқынында болғаны бәле болып жабысты.

«Сатқын, халық жауы, Мұстафа Шоқайдың тұсы, тұтқынға әдейі түскен» деген жаламен әкесі Асанбай 20 жылға сотталып, жасы онға да толмаған Базарбайды бұрын-соңды болмаған қиыншылықтар жағадан алады. Күндіз-түні қолхоздың жұмысында жүрген анасы озат қолхозшы мәртебесінен айырылып, еңбексіз да алмайтын болды. Осы сәтте Мұстафа Шоқайдың туған інісі Мұртазаның 1924 жылы 10 қаңтарда ағасына жазған хатындағы: «Еш туысқаннан жақындық көріп жүрген жоқпын» деген сөздері еске түседі.

Сол кездегі аса қиын ауыл өмірі Базекенді жастай еңбекке араластырды, ерте есейтті. Ендігі жолды білімнен іздеді. Орта мектепті жап-жақсы бітіргеннен алысқа бара алмады, Қызылорда медициналық институтына түсті. Осының өзіне анасы Күлшара «енді мен не істеймін?» деп жылаған болатын. Дәрігерлік қызметті таңдауының өзіндік себебі болды. 7-ші сыныпта оқып жүргенде өкпесіне суық тиіп, қатты ауырып, ауруханаға түскен. Сонда дәрігерлердің науқастардың жазылып шығуы үшін барын салған сәттері жүрекке жылылық ұялатып, дәрігер мамандығына құштар болды.

Базарбай Асанбайұлы училищені бітіріп, үш жылдай фельдшерлік қызметте болды. Оның соңын, яғни 1959 жылы Қызылорда қаласындағы Бірінші республикалық психоневрологиялық ауруханада өткізді. Бұл ұжымда қоғамдық жұмысқа тартылып, қалалық мәдениет үйіндегі көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысады. 1960 жылы Сыр елінен Қазақстан Республикасының 40 жылдығына байланысты Алматыда өткен фестивальге «Біржан Сара» операсын алып барып, республикалық жүлделі үшінші орынға ие

болады. Бұларды тәптіштеп жазып отырғандағы ойымыз – Базекеннің рухани өсуіне ықпал еткен өнер құдіретін айтқымыз келгені. Ал рухани өсу білімінің әлі жетімсіздігін байқатты. Содан Алматы медицина институтының Қызылордадағы көшпелі комиссиясына құжат тапсырып, педиатрия факультетіне оқуға түседі.

Балалық шақтың қызығын көре алмаған Базарбай Асанбайұлы осы институттағы кезін өз өмірінің ең қызықты да қуанышқа толы алтын шағым деп бағалайтын. «Жақсы іске жуық бол, жаман қылықтан аулақ бол» деген жеке өсиетін өмірлік ұстаным еткен ол институттың қоғамдық жұмысына белсене араласты. 1500 мүшесі бар педиатрия факультеті комсомол ұйымының хатшысы болды, көркемөнерпаздардың бишілер тобында болып, бірнеше конкурста қатысты. Өзін Қызылордадағы фельдшер кезінен білетін аурухананың бас дәрігері болған, Алматыда дәрігерлердің білімін жетілдіру институтында психиатрия кафедрасының меңгерушісі, әрі Республиканың бас психиатры

ділігімен ауданда көпшіліктің назарына түсті, нәтижесінде облыстық аурухана бас дәрігерінің ұйымдастыру әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

Мұнда Шиелі ауданындағы екі жылдық тәжірибесі алдынан шықты. Біріншіден, әрбір аудандық, ауылдық ауруханалардан, дәрігерлік амбулаториялармен фельдшерлік акушерлік пункттерден бір-бір «озық тәжірибелі мекеме» қалыптастырып, солардың негізінде қалғандарын алға тартуға бастамашы болды. Екіншіден, әрбір мекемедегі медициналық есеп кітапты (медстатистиканы) жолға қойып, оны медициналық жұмысты басқару, жоспарлау жұмыстарына пайдалануды ұйымдастырды. Үшіншіден, аудандық ауруханалардағы ұйымдастыру әдістемелік бөлімдердің жұмысын денсаулықты басқару ісінің негізгі құралдарының бірі етуге ұмтылды. Сондай-ақ осы кезде халыққа медициналық көмекті жақсарту мақсатында облыстағы негізгі мамандықтардан (терапевт, хирург, акушер гинеколог, педиатр, көз, тіс,

Сол кезде республикада енді-енді енгізіліп жатқан бір орталықтандырылған залалсыздандыру бөлімін, осы заманға лайықты бактериологиялық зертхананы тиісті аппаратуралармен, титтік жобамен клиникалық лабораториядан бөлек ашты. Сол себепті аурухананың өз дәріханасы залалсыздандыра алатын мүмкіндігімен көптеген дәрілерді өзі даярлады.

Ол кезде вирустық гепатиттің (сары ауру) «А» түрінен басқа «В» түрі де көптеп анықтала бастаған болатын. Оның жұғу жолдары мен ауыртпалығы өзгешелеу еді. Соған байланысты ауруханада екі бөлім ашылды. Бұл республикадағы жаңа үлгі етіліп, барлық облыстарда осындай ұстаным болған көрінеді. 150 орындық аурухана кейін 210 төсектік орынға ұлғаяды. Сыр өңірінің ерекшелігін есепке алған ауруханада аса қауіпті деген ауруларды емдеуге қажетті бөлімдер ашылды. Тағы бір айта кететін мәселе, науқастарға дәрілер осы аурухананың дәріханасы арқылы берілді. Бұл негізгі диагнозы бір болғанымен әр

Осындай қасиеттер иесі Базарбай Асанбайұлының тағылымды өмір жолы тағы бір маңызды қоғамдық жұмыспен жалғасты. Бұл туралы бұрын да бірнеше рет айтылды, жазылды. Дегенмен жиырма жылдан астам әлемге танылған тұлға Мұстафа Шоқай қорының төрағасы болғанын, ұлы есімді елге оралту жолындағы іске белсене араласқанын, мемлекеттік органдарға талай хат жолдағанын айта кетсек, артық болмас. Алғаш Қазақстан Республикасының Президентіне М.Шоқайдың шыншай тұлғасын елі жадында қалдыру жайлы Қазақстанның халық жазушылары Ө.Тәжібаев пен Ө.Әлімжанов, академиктер Ж.Абдильдинмен М.Қаратаев, ақын-жазушылар Т.Молдағалиев, Қ.Жұмаділов, С.Елубаев, Б.Қойшыбаев, С.Балғабаетармен бірге хат жолдауынан басталған күрделі жұмыс жалғасын тапқан еді. Өзбекстан, Түркия, Германия, Франция т.б алыс-жақын елдерде болып, Мұстафа Шоқай өміріне байланысты жиындарға қатысып, сөз сөйлеу, тың естеліктер мен қажетті деректерді жинауға уақытын арнады.

Бұл игі іс кейін заңды жалғасын тапты. Мұстафа Шоқайдың 120 жылдық мерейтойына орай 2010 жылы Қызылорда облысы әкімінің тікелей бастамасымен ҚР Мәдениет және Сыртқы істер министрліктерінің қолдауымен Франциядағы елшілік пен Марндағы Ножан қаласының мэрі арасындағы келіссөздердің нәтижесінде осында жерлесіміз Амангелді Кененбаев қолдан сомдаған Мұстафа Шоқайдың ескерткіш бюсті қойылды. Бұл шарарада Базекен белсенділігі таныты. Сол кездегі кала мэрі Жақ Мартеннің «Байқаныздар, ескерткіштеріңіз біздің де Голльдің ескерткішінен биік болып кетпесін» деген әзілі еске алып, күлетін еді.

1997 жылы Стамбулда өткен Дүниежүзі қазақтарының көшпелі конференциясында қарамағындағы ғылыми қызметкердің пікіріне сүйеніп, академик Манаш Қозыбаевтың Мұстафа Шоқай туралы қайшылықты ойнана қарсы шығып, оны мойындайтып, ол кісінің:

Шоқайдай елде ірісің,  
Қазақтың пірі – ұлысың,  
Биік болсын тынысың,  
Тіріліктің ісі біте ме,  
Құтты болсын бұл ісің» деп берген батасын кітабына енгізілген болатын.

Мұстафа Шоқайдай ұлы тұлғаның рухы қалам ұстатты, соның нәтижесінде «Халық жадында қайта жаңғырған ұлы есім» атты мақалалар жинағын шығарды. Әлі талай материал папкасында жатыр. Әлеуметтік ғылым академиясының құрметті академигі атағаны е болды.

Өмірде кездескен қиыншылықтар ақиқатты жалғандықтан ажырата білетін Базекенді қайыстыра алмады, қайта оны шыңдап түсті. «Талпынған жетер мұратқа» дегендей, жеңістің жолын тауып отырды. Бұл еңбегі еленбей қаламады. КСРО және Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі атанды, «Халықтар достығы» орденінің, толып жатқан марапаттардың иегері, Шиелі ауданының құрметті азаматы болды.

Қалдыбек АЙТБАЕВ,  
Әбдіжәлел БӘКІР

## ІСІ – АДАЛ, ӨМІРІ – ӨНЕГЕ

Маркс Алаксандрович Гопольский соңғы курстардың студенті Базекенді ұйымдастыру әдістемелік бөліміне медстатист етіп жұмысқа алады. Бұл үлкен тәжірибе мектебі болды. Сабақ пен қоғамдық жұмыстағы белсенділігін байқаған бірнеше профессор оқуды аяқтаған соң институтта, өз кафедраларында қалуын ұсынды. Бірақ елдегі жалғыз анасы мен қарындасының жағдайын ойлап, қала алмады.

Елге оралып, Қызылорда қалалық балалар ауруханасының педиатр хирургі болып, жаңа еңбек жолын бастады. Көп ұзамай, облыстық ауруханаға балалар хирургі болып ауысады. Осында аудандардың шақыруымен барып, көптеген операцияларға қатысып жүрді. Бірде Алматыда өткен Бүкілодақтық кардиохирургтардың съезіне бірге барған облыстың бас хирургі Мойсей Николаевич Ким Алматыдағы дәрігерлер білімін жетілдіру институтына ертіп барып, 5 айлық балалар хирургиясына мамандандыру курсына жолдама алып берді. Ол: «Осы курсты оқып алсаң, ешкімге жалынбайсың, сені кез келген аурухана хирургі етіп алады», – деді. Бұл дәрігерлік мамандықты сүйетін жан үшін таптырмас мүмкіндік болды.

Базарбай Асанбайұлы Алматыдан келгеннен соң көп ұзамай Шиелі аудандық ауруханасының бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалды. Аудандық аурухананың бір жерде болмауына байланысты қалыптасқан жұмыс тәртібін өзгертуге, оны жаңаша ұйымдастыруға бастамашы болады. Аурухананы медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесін шешуде де белсенділік танытты. Ауруханада түн мезгілінде бұрын болмаған кезекші дәрігер қызметін ендірді. Басқа да жаңалықтардың иесі болды. Осындай белсен-

тамақ аурулары, лор дәрігерлерінен) бригадалар ұйымдастырылып, алыстағы елді мекендер мен мал шаруашылығы қызметкерлерінің тұрақтарына арнайы автокөлікпен кесте бойынша көшпелі амбулаториялар жұберіліп тұрды. Москва, Ленинград, Киев институттарына хат жазылып, олардан жолдамалар жеткілікті түрде алынды.

Облыстық аурухананың ұйымдастыру әдістемелік жұмыстары бөлімінің төл міндетінің ең ауыры жыл қорытындысын шығаратын статистикалық есептерді облыстағы барлық емдеу профилактикалық мекемелерден түгелдей қабылдап, оны талдап, қорытындысын министрліктің ұйымдастыру әдістемелік бөліміне, әрбір ғылыми зерттеу институттарына, республиканың бас мамандарына жолдап, әрбір цифр үшін жауап беру еді. Бірер жыл осылай есеп беріп тәжірибе жинаған Базекен үшінші жылы сапалы есеп өткізгені үшін алғыс хатқа ие болып, ақшалай сыйлық та алған.

1988 жылы сол кездегі облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Е.О.Омаров: «Айналайын, 17 жыл басшыларға орынбасар болып жақсы тәжірибе жинақтап, әбден пістің. Енді өзін де бірінші басшы болып, мына аурухананы басқар» деп әлі салынып жатқан облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына жіберді. Бұл Базарбай Асанбайұлының өмірінде ерекше орын алған, аса бір маңызды кезең болды. Құрылыс біткен соң он екі жыл осында бас дәрігер қызметін абыроймен атқарды.

Пайдалануға берілген жаңа аурухананың қажеттілігі көп-ақ болатын. Аурухана жаңа үлгіде жұқпалы ауруларға арналып типтік жобамен салынған соң, оның басқа ауруханалармен салыстырғанда көптеген өзгешеліктері бар еді.

науқастың организмнің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, емдеу мүмкіндік жасады. Екі жылдан кейін осы аурухана негізінде республика инфекциялистерінің көшпелі пленумы болып, белгілі ғалымдардың қатысуымен «Жұқпалы аурулардың республикада өзекті проблемалары» атты ғылыми практикалық конференция өтеді. Қатысушылар ауруханадағы жұмыстарды оң бағалап, бактериологиялық зертханаға республикадағы ең алдыңғы қатардағы «Озық тәжірибе мектебі» мәртебесін береді. Осындай мекемеде 12 жыл қызмет еткен бас дәрігер 2000 жылы өз өтінішімен зейнеткерлікке шықты. Бірақ ұжымнан қол үзбеді. Көп жыл осы аурухананың ұйымдастыру әдістемелік бөлімінің меңгерушісі болып, жас мамандармен 40 жылдық бай тәжірибесімен бөлісті.

Базарбай Асанбайұлы көргені мен түйгені мол, сезімтал, ойшыл, қарапайым азамат еді. Оның бір ерекшелігі сол қандай да бір ортада болсын, тіл табысып, көпшілікпен араласып кететін. Ол институттан кейін С.Ө.Мақашеваның, Ш.Н.Абдуллаевтың, С.К.Кәрімбаевтың, С.К.Құлсартовтың, Е.О.Омаровтың, Т.М.Маханов сияқты майталман маман, білікті басшылардың өмірлік тәлім-тәрбиесін алғанын мақтаныш санайтын. Өзі ерте есейгеннен болуы керек, жақсы адамдарды да ертерек тандай білді. Содан өзінің де еңбегі жанды. Халық құрметіне бөленді. Еңбек демалысына шыққанмен қоғам тіршілігінен қол үзбеді. Облыстық медицина саласының тәлімгері болды. Тынымсыз тірлік, қажыр қайрат, жоғары жауапкершілік, қоғамдағы өзінің ролін биік ұстауымен өткен дәрігерлік өмір жолдары «Қасірет көрдік, жетімдік, қайсарлықпен жетілдік...» деген қомақты мемуарда жақсы бедерленген еді.

Ұлан-ғайыр аумақты алып жатқан атырабымыз жайлы кезінде этнограф-ғалым Григорий Потанин «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» деп айтқан екен. Оның ішінде бір ауылдан ғана жүзден аса жырау шыққан Сыр өңірінің орны ерекше. Дала ойшылы атанған Пұртуған жырауға 40 мың жол өлең жаздырып, қасиет қорған небір дүлдүлдер мен бұлбұлдарға өнер тәжін кигізген киелі мекеннің атағы кезінде шайырлармен шартарапты шарлап кетті.

Бірде өнер зерттеушісі Мардан Байділдаев қасындағы академик, ғалымдармен бірге Қармақшыдағы Тұрмағамбет аулына ат басын бұрған екен. Сонда Мардандай ғалым жолдастарына:

– Бұл ауылдан жүз шайыр шыққан. Жаныңнан өтін бара жатқан қай баланы тоқтатып, терме айт десен де айтп береді, – деген екен.

Әлгі кісілер жаныңнан өтін бара жатқан 5-6 жастағы баланы тоқтатып:

– Терме айт, – дейді. Әлгі бала бұтының арасына қысып алған ағаш атын дереу домбыра ретінде сартылдығын терме айтп береді. Сонда әлгі кісілер разы болып, басын шайқаған екен.

Бүгінгі біздің әңгімеміздің арқауы сол шайырлық өнерді насихаттап, дәстүрлі әндерді дәріптеп, жыр-дастандарды халық санасында жаңғыртып, жастарға өсиет-өнеге көрсетіп жүрген жас термеші Зүлфия Баймырзаева жайлы болмақ.

## Біз білетін Зүлфия

### Тал бесікте әнмен тербелген

Балауса қыздың ән әлеміне алғашқы қадамы бірінші сыныпта басталған. Ал бесікте жатып әсем әнмен тербеліп, сұлу сазбен сыланған сәби Зүлфияның анасы Айқын мен әкесі Ғабит қазақтың халық әндерін әуелете шырқайтын. Бертін келе әнге елтігені сонша, кішкентай бөбек олармен қосылып, бесікте жатып үлдейтін. Өнерпаз қыз 1990 жылдың 2 тамызында Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылында дүниеге келген. Жыршылық өнерге оны алғаш баулыған ұстазы – Майра Сәрсенбаева. Қанатын қакқан жас талантқа мектеп қабырғасында жүріп-ақ қолдау көрсеткен жанашырлар көп еді. Әсіресе әдебиеттен сабақ берген Күміс Қожарипова жас шәкірттің бойына қазақтың халық ауыз әдебиеті мен жыршы-жыраулар шығармасын терең сіңірді. Жанарынан ұшқан шашып, ән дегенде делебесі қозып, шабаты шылықтап тұратын Зүлфияны ұстаз жүрегі ә дегеннен таныған секілді. Шіркейліліктер қаршадай қыздың талантына қайран қалған-ды.

### Қанмен келген қасиет

Алғаш 2006 жылы Атырау қаласында өткен Шернияз Жарылғасұлының 200 жылдығына арналған республикалық жыршы-термешілер сайысында жүлделі үшінші, 2007 жылы Орал қаласында өткен Қаламқас Орашеваның 55 жылдық мерейтойына арналған жыр додасында екінші, 2007 жылы Маңғыстау қаласында өткен халықаралық әнші-жыршылар байқауында жүлделі бірінші орынды иемденіп, Сыр өңірінің мерейін асқатқан еді.

Киелі өнер сахнасына шығару үшін өзін сәйгүліктей баптаған Майра Сәрсенбаеваға оның алғысы шексіз. Қазыналы жырдан шашу шашып, Сыр өңірінің мәртебесін көтеріп жүрген ұстаз шәкіртіне «Қыз Жібек», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» және өзге де жыр жауһарын жаттауға кеңес берді. Кеңес беріп қана қоймай, сазы мен мақамына, домбыра қағысына дейін ерлі-бей-жалықпай үйретті. Өн қанатындағы өнерпаздың айтуынша, қасиетті өнер нағашы жұртынан дарыған. Өнегелі шаңырақтан қазақтың қара домбырасымен шырқалған ән үзілмеген. Әкесі – Ғабит Баймырзаевтың мамандығы – мал дәрігері. Соған қарамастан Сүйінбай, Жамбыл жырларын орындаса, анасы Айқын Жансымақова дәрігер болғанмен, халық әнін өміріне азық еткен. Көпшілік жыылған той-думанда жұрт қолқаласа орындайтын ән қоржынында қазыналы әндер жетерлік.

Мінекей, осылайша, мектеп бітірген соң өрімдей қызды асқақ арманы Алматы төріне жетелей

берді. Сөйтіп, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының халық әні бөліміне оқуға түсті. Екі жылдық дайындық бөлімінде оған дәстүрлі әнші Айгүл Қосанова бағыс ән мектебінде дәріс берді. Негізгі Сыр бойы жыраулық мектебінің тәлімін белгілі жыршы, филология ғылымдарының кандидаты, жерлесіміз Ұлжан Байбосыновадан алған. Қазақ өнерінің саңлақтарын баулыған білім ордасында Зүлфия есімі елге танылған Ардақ Исатаева, Сәуле Жанпейсова, Еркін Шүкіманов, Тілеулес Құрманғалиев, Рымкеш Жұмаділова сынды өнер қайраткерлерінен сабақ алып, сахна шеберлігіне шыңдалып, тынысы ашылып, өрісі кеңейе түсті. Білім ала жүріп түрлі өнер сайыстарында бақ сынады. 2011 жылы Атырау қаласында өткен республикалық «Дельфийлік ойындар» байқауында бірінші, 2013 жылы Алматы қаласында өткен «Күміс көмей, жезандай» байқауында екінші орын алып, өзінің өнер додасындағы табысын еселей түседі.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай Түркияның Стамбул қаласында болған жыр-рыста да терме орындап, шетелдіктерді тандай қақтырған.

### Рухани толысқан сәт

2014 жылы консерваторияны тәмамдаған соң араға 1 жыл салып елордамыздағы мемлекеттік академиялық филармониясына қызметке орналасты. Еліміздің жұлдыздарымен бірге ән шырады, олармен бір шаңырақ астында еңбек етті. Жас болса да, үлкен сахнаға шығып, өнерде қанаты қатайып, ысылып, өмір мектебінен өтті. Сыр өңірінде өткен «Өздерің білер Нартаймын» атты байқауда екінші орын алды. Туған жердің сый-сияпатын еніліп, елордаға қайта оралды. 2016 жылы «Ұлы дала дауысы» халықаралық радиотелевизиондык жыр-ауыл өнердің өміршеңдігін

паш етіп, бас жұлдемен оралып, ұлы даланың рухты жырларымен елордамызға шашу шашты. 2016 жылы елордамыздың Ресей астанасындағы күндерінде Кремль сахнасында өзінің ұстазы, белгілі жырау Айгүл Қосановамен батыстық үлгідегі жыр-термелерін орындап, жұлдызды жұп құрды.

Мұнан соң 2017 жылы «Мен қазақпын» республикалық телевизиялық мега жобасына қатысып, жартылай финалға дейін өнер көрсетті.

Биыл әнші Темірхан Ергалиевтің 70 жылдығына арналған «Туған дала төсінде, ән боп туған мен болам» атты облыстық дәстүрлі әншілер конкурсында үздік өнер көрсетіп, бас жүлдені жеңіп алды. Шымкент қаласында өткен «Ұлы дала әуендері» атты республикалық байқауда дәстүрлі ән жанры бойынша Зүлфия жүлделі III орынды иеленіп, Сыр елінің мерейін тасытты. Жұырда ғана аймақта өткен түркітілдес елдердің халықаралық «Қорқыт және Ұлы дала сазы» фольклорлық-музыкалық өнер фестиваліне қатысып, қазақ өнерін паш етті. Бүгінде әнші өнерлі шәкірттерді тәрбиелеуде. Зүлфияның облыстық, республикалық конкурстарда лауреат атанып, жетістікке жетіп жүрген Альбина Қонысбаева, Аяулым Әбдумажит, Досымжан Құрманғалиев, Альфия Тәжтай, Толғанай Алдан сынды шәкірттері бар.

### Қоржынында 300 ән

Міне, сандуғаштай сайрап, аталардан қалған аманатты жыр-термелерді жаттап, түрлі мақам мен сазды орындап, руханияттың алтын тұмасынан жыр-жақұтты маржандай тізіп, құлақ құрышың қандырып жүрген Зүлфияның өнер өлкесіндегі өрнегі жүрегі қазақ деп соғатын кез келген жанды тәнті етеді. Ол бүгінде облыстық филармонияның жыр бөлімінде жұмыс істейді. Оның репертуарында Сыр бойы, Арқа, Жетісу, Батыс, Тарбағатай өңірі жырларымен қосқанда 300-ге тарта ән бар. Өмірлік жары Амандық Жаппарбердиев те өнер саласында жүрген қасиет жырғау. Екеуі бос уақытында жыр, терме жаттап, тарихи дастандарды оқығанды ұнатады.

– Мақсатым – дәстүрлі өнердің шыңына жету және көптеген шәкірт тәрбиелеу. Дәстүрлі ән-жыр өнерінің майталмандары, ұстаздарым Майра Сәрсенбаева, Айгүл Қосанова, Ұлжан Байбосыноваға еліктеймін. Өмірлік ұстанымым – ата-анамның, ұстаздарымның салып берген сара жолымен жүру. Ол – адалдық жолы. Тайқазаны жырмен тасыған сұлу Сыр шабытымды шалқытты – дейді ол.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА

# РЕСЕЙ АТОМ БОМБАСЫН ЖАРА МА?

Ресейлік депутаттар қандай құжатты кері қайтарды дегенге келейік. Бұл 1996 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының ұсынысы бойынша қабылданған келісім еді. Әрі планетамыздың қауіпсіздігі үшін жасалған маңызды қадамның бірі болатын. Ресей тарапы келісімді 2000 жылы ратификациялаған. «Валдай» форумында Путин АҚШ ядролық қаруды сынамау туралы құжатқа қол қойса да, келісімді ратификацияламағанын айтып, Ресей де ратификация күшін жойса әділ боларын ескерткен. Бұл келісімнің кез келген ядролық жарылысқа тыйым салатын күші бар еді. Мейлі ол әскери мақсатта болсын, тіпті бейбіт мақсаттағы сынақ болса да рұқсат жоқ еді. Енді Ресей бұл келісімді бұзып, құжатты кері қайтарып отыр. Иран, Израиль, Қытай, Мысыр, АҚШ сынды ядролық қаруға ие елдер келісімге қол қойған. Бірақ АҚШ парламент деңгейінде ратификациялаған жоқ. Ресей басынсының алға тартып отырғаны да осы. Дегенмен бұл құжатты Үндістан, Пәкістан және Солтүстік Корея секілді қолында ядролық қаруы бар өзге елдер мойындамаған.

Ақпарат көздеріне сүйенсек, РФ СІМ орынбасары Сергей Рябков Ресей мұндай қадамға бармас үшін АҚШ-тың құжатты ратификациялауын 23 жыл күткенін мәлім еткен. Ал Песков болса ратификацияны кері қайтару ядролық сынақ өткізеді дегенді білдірмейтінін жеткізді. Енді мына қызыққа қараныз. «Валдай» отырысында Путин жана зымыранның сынақтан сәтті өткенін айтқан. «Мамандар айтқандай, кез

Басы 1-бетте



келген қару нәтижелі болуы үшін, оны әбден сынақтан өткізу керек. Мен қазір сынақ жасау немесе жасамау туралы айта алмаймын, алайда АҚШ әрекетіне қарап қимылдаймыз», – деді Путин.

Ресейде ядролық қаруға қатысты ұсыныс бұған дейін де айтылған. Алысқа ұзамай-ақ осы жылдың маусымында ресейлік саясаттанушы Сергей Караганов Украинаны Батыс тарапынан қолдауды тоқтату үшін ядролық қару қолдану керектігін айтқанын дерек етсек те жетеді.

Ресей ядролық қару жара ма, жармай ма, әзірге ол жағы белгісіз. Түптеп келгенде соғыстың қалай өрбитінін біз білмейміз. Тіпті кейбір ақпараттың қайсысы шынайы, қайсысы жалған екенін де ажырату қиын. Дегенмен бірді-екілі дерекке тоқтала кетейік.

ВВС-де өткен жылдың 1 наурызында

Путиннің Ресейдегі ядролық қаруды ерекше дайындық жағдайына көшіру туралы бұйрығы шыққаны жазылған. Дерек «Сколько ядерного оружия есть у России и стоит ли его опасаться?» деген материалдан алынып отыр. Ал «Азаттық радиосының» осы жылдың 2 қарашасындағы ақпаратына сүйенсек, В.Путин ядролық қаруды сынамау туралы құжаттың ратификациясын кері қайтару туралы заңға қол қойған. «Азаттық радиосының» орыс редакциясы «Что у Путина в голове?» Готова ли Россия применить ядерную бомбу?» деген мақала жариялаған. Сергей Добрынин жазған материалда ядролық қаруды сынамау туралы құжат Путинді ұстап тұрған жалғыз келерді екені де баян етілген.

А.БЕК

## СПОРТ

### ГРЕК-РИМ КҮРЕСІНЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Қазалы ауданында мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен 2004-2006 жылғы жастар арасындағы XVII дәстүрлі халықаралық турнир өтті.

Доғада көрші Қырғызстаннан және еліміздің әр өңірінен 100-ге жуық балуан қатысып, бағын сынады.

Халықаралық турнир қорытындысымен бөзкілемдегі белдесуде үздік шыққан спортшылар марапатталды. Оның ішінде өңірден 55 келі салмақта Өмірмұхаммед Кабулов, 63 келі салмақта Ардақ Бұғыбай 1-орынды иеленді. Жалпы есепте Сыр спортшылары турнирде 2 алтын, 2 күміс, 7 қола медальға қол жеткізді.



### ШОРТ ТРЕКШІЛЕР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА



Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында өткен шорт тректен республикалық чемпионатта ересек және орта жастағы спортшылар арасында жеке қашықтықтар бойынша Сыр спортшылары үздік нәтижеге қол жеткізді.

Жарыс барысында орта жастағы қыздар арасында 777 метр қашықтықта өнер көрсеткен Жаная Есен озықшығып, 1-орынды иемденді. Ал аралас эстафетасы бойынша 2000 метр қашықтықта өнер көрсеткен Жаная Есен, Диляра Төралиева, Санжар Бекбайдар, Нариман Молдабек, Айсана Өміртай, Ақкерім Мейрамбек сынды спортшылардан құралған команда 2-орынға табан тіреді.

А.БЕК

## ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

### Кибералаяқтық артуда

Бүгінде ғаламтөр кеңістігін қолданушылар санының артуы кибералаяқтық қылмыстың көбеюіне әкелуде. Қазіргі таңда қалалық полиция басқармасы жанынан «CyberPol» жедел тергеу тобы құрылды. Ол кибералаяқтық қылмысын ашу бағытында қызмет атқаруда.

Соңғы аптада 5 жәбірленуші кибералаяқтық құрбаны ретінде қалалық полиция басқармасына жүгінген. Олардың шағымы бойынша қылмыстық кодекстің 190 бабы 2 бөлігінің 4 тармағымен (алаяқтық, яғни ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау) дерегі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру бірыңғай тізіліміне қылмыстық іс тіркелген. Қазір тергеу жұмыстары жүргізілуде.



### Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық азаймай тұр

Биыл көмелет жасқа толмағандар және оларға қарсы жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында тұрақты түрде «Жасөспірім», «Түнгі қаладағы балалар», «Бала-Заң-Қауіпсіздік», «Мектеп» атты жедел профилактикалық іс-шарасы және «Мен және менің полицейім», «Абайлаңыз балалар!» атты акция өткізілді.

Акция аясында жыл басынан бері 6251 құқық бұзушы жасөспірім анықталған. Олардың ішінде 231 жасөспірім бейімдеу орталығына жатқызылды. Ал 53 жасөспірім қылмыс жасағандары үшін ұсталды.

Сонымен қатар жасөспірімдердің түнгі уақытта қоғамдық орындар, түнгі клуб, кафе-барлар мен мейрамханаларда жүрмеуін қадағалау мақсатында күнделікті кешкі сағат 22.00-ден бастап рейдтік шара жүргізілген. Нәтижесінде түнгі уақытта заңды өкілсіз тұрғылықты үйінен тыс жерде жүрген 5118 көмелетке толмағандардың заңды өкілдері әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ата-аналық міндетін орындамаған 8 ата-ана сот шешімімен ата-аналық құқығынан айырылса, тағы алтауы ата-аналық құқығынан шектелген. Сондай-ақ 5 жасөспірім облыстық девантты мінез-құлықты балаларға арналған мектеп-интернатына және 2 бала «Абай облысының ерекше режимде ұстайтын арнайы мектеп-интернатына» орналастырылған.

Көмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол берген 112 кәсіпкерге, темекі бұйымдарын сату дерегі бойынша 6 тұлғаға, жасөспірімге алкоголь өнімін сатқаны үшін 9 сатушыға әкімшілік жаза тағайындалған.

### «Қарасора-2023»: 14 есірткі алқабы анықталды

Биыл 1 маусым мен 31 қазан аралығында республика көлемінде «Қарасора-2023» жедел-профилактикалық шарасы өткізілді.

Облыстық полиция департаментімен бірлескен шарлада есірткі қылмысына қатысты 163 құқық бұзушылық анық-

талған. Оның ішінде 10 есірткі өткізу, 16 есірткіні аса ірі мөлшерде сақтау, 1 есірткі жарнамалау, 62 есірткі өсіру дерегі және 74 теріс қылмыс дерегі тіркелген. Заңсыз айналымдағы 2 тонна 284 кг, 959 гр есірткі заты табылған. Сонымен бірге далалық аймақтардан 22 ірі есірткі алқабы, үй, бау-бақша, саяжай ауласына егудің 40 дерегі анықталған. Есірткі өсірумен айналысқаны үшін 61 адам құрықталып, 24 адам қамауға алынған.

Іс-шара кезінде Қызылорда қаласына кіре беріс тас жолда жылжымалы мобильді бекеттер орнатылды. Тексеру барысында автокөліктерді қызметтік іздестіру иттерінің көмегімен есірткі тасымалдаудың 27 дерегі, оның ішінде Орал, Ақтөбе, Атырау қалаларына аса ірі мөлшерде тасымалдаудың 3 дерегі анықталды.

### Қаржы пирамидасымен айналысқан күдікті қамалды

Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті «Chia-Tai-Tianqing Pharmaceutical» қаржы пирамидасының облыс орталығындағы құрылымдық бөлімшесін басқарған күдіктіні қамауға алды.

1992 жылы туған қызылордалық А.П. есімді азаматша қала аумағында өткен жылдың қараша айы мен биыл сәуір айы аралығында қаржылық пирамиданы құру, тартылған қаражатты қабылданған міндеттемелерді қамтамасыз ететін кәсіпкерлік қызметке пайдаланбай, жеке немесе заңды тұлғалардың ақшасын, өзге мүлкін не оған құқығын қайта бөлу және бір қатысушыларды басқалардың жарналары есебінен байыту арқылы осы активтерді тартудан табыс алу (мүлктік пайда табу) жөніндегі қызметті ұйымдастыру, сол сияқты қаржылық пирамиданы немесе оның құрылымдық бөлімшесіне басшылық етіп, ақшаны немесе өзге мүлкті тарта отырып ҚР ҚК-нің 217 бабы 3-бөлігі 2-тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты қасақана жасаған.

Компания өзін инвестициялық ұйым ретінде көрсетіп, жоғары және тұрақты табыс әкелуге уәде берген. Осылайша 26 салымшыға жалпы 26 130 190 теңге көлемінде аса ірі мөлшерде мүлктік залал келтірген.

Әзірлеген А.ӘЛІМ

## ЕЛ МЕРЕЙІН ҮСТЕМ ЕТТІ

Грузияның Тбилиси қаласында уинфайттан әлем чемпионаты өтті. Әлем елдерінің мықтылары бас қосқан байрақты бәсекеге Сыр спортшылары да қатысты.

Әмбебап жеке-жектен ересектер арасында Мағжан Бостанұлы, Нұршат Аманқосов, Нұрасып Тілектесов, жасөспірімдер арасында Азамат Құмаров, Меделхан Нұрашов 1-орынды қанжығаға байлап, ел мерейін үстем етті. Ал 2-орын ересектер арасында Онғарсын Насырға және жасөспірімдер арасында Бексұлтан Карасаевқа бұйырды.

Байрақты бәсекедегі 3-орынды ересектер арасында Әлиаскар Өтеулиев иеленді.



### СТЕНД АТУ ДАМЫП КЕЛЕДІ

22 қазан мен 2 қараша аралығында Корея елінің Чангвон қаласында стенд атудан Азия чемпионаты өтті.

Чемпионатта ел мерейін асқататуға Сыр сандақтары да өз үлесін қосты. Олар байрақты бәсекеде екі қола медальды қанжығалады.

Азия чемпионатында командалық есепте трап түрінен Айжан Досмағамбетов пен скит түрінен Илья Пенсков 3-орынды иеленді.

## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ЧЕМПИОНАТЫ


Облыс орталығында тоғызқұмалақтан ерлер мен әйелдер арасында командалық чемпионат ұйымдастырылды.

Аймаққа қарасты 7 ауданнан келген тоғызқұмалақшылар өзара бақ сынады.

Ой ұшырлары бәсеге түскен чемпионат қорытындысымен ерлер арасында Сырдария ауданы мен әйелдер арасында Қазалы ауданы үздік деп танылды. Ал жүлделі 2-орынды қармақшылық азаматтар мен қызылордалық арулар иеленді. Ерлер арасында Шнелі ауданы мен қыздар арасында Сырдария ауданы 3-орынды місе тұтты.



Меншік несі:



жауапкершілігі  
шектелуі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 3109 Тапсырыс №1759

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА